

Бақтыгерей Құлманов

*Орындаған: Теңдібай А. және
Қалиев А.*

Тексерген: Нығметов Б.



- *Құлманов Бақтыгерей Ахметұлы (1859 - 1919) - бірінші шығыстанушы-қазақ, шығыс ғылымының кандидаты, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері. Құлмановтың арғы аталары Әбілқайыр ханның ұрпағынан тарайды. Қазіргі Атырау облысы Теңіз ауданында дүниеге келген.*
- *Б.Құлманов Орынбор гимназиясын күміс медальмен, шығыс тілдері мамандығы бойынша Санкт-Петербург университетін үздік дипломмен бітірген.*
- *1890-1903 жылдары Ішкі Орданың Қамыс-Самар бөлігін басқарды.*

- 1903 жылғы 22 шілдеден 1906 жылғы қыркүйекке шейін Бөкей ордасының Уақытша кеңесінің кеңесшісі қызметін атқарады. 1906 жылы отставкаға шығады.
- 1 Мемлекеттік думаға Ставрополь және Астрахань губернияларының көшпелі тайпаларынан 2 орын бөлінеді. Астрахань губерниясының қазақтарынан Б. Құлманов, ал Ставрополь губерниясының қалмақтарынан Давид Церенджиб Нойон Тундутов сайланады.
- Құлманов 1907 жылы 2 Мемлекеттік думаға мүше болып сайланады. Қатарынан екі рет сайлануы, оның ел алдындағы қадірін білдірсе керек.
- 1917 жылы 21-25 сәуір аралығында Бөкей ордасындағы қазақ съезіне белсене араласып, онда ол баяндама жасайды. Осы съезде Астрахань өлкесі қазақтарының, яғни Бөкей ордасының комиссары болып сайланып, оны 1918 жылғы 1 сәуіріне шейін, Қызыл өкіметі орнағанша атқарады.
- 1917 жылы қыркүйек айында Бөкей ордасының ұлт зиялыларының съезі өтеді. Онда Б.Құлманов жер мәселесі жөнінде баяндама жасайды.
- Б. Құлманов қозғамдық-саяси қимылдарға тек Бөкей ордасымен шектеліп қалмай, жалпықазақ елі бойынша атсалысады. Мысалы, патша өкіметі құлағаннан кейін 1917 жылы 24 наурызда Минскіден Ә.Бөкейханов бастаған бір топ зиялылар жер-жерге жеделхат соққанда, Астрахань губерниясындағы Шәңгерей Бөкеев пен Б.Құлмановқа арнайы жібереді





- Ол қазақ даласынан сайланған Ш.Қосшығұлов, Б. Қаратаев, С.Жантөрин, М.Тынышбаев, Т. Алдабергенов, Ә.Бөкейханов, А.Қалменов, А. Бірімжанов сияқты ұлт зиялыларымен бірге мемлекеттік шовинизм мен империялық саясат үстемдік етіп тұрған сол кездің өзінде ел намысы мен талан-таражға түскен қазақ жерін қорғау ісіне барынша үлес қосты.

1925

- *Б.Құлманов көптеген қазақ зиялылары сияқты Ақпан төңкерісіне үлкен үміт артты. Патшаның тақтан құлауын, Ресейдегі монархияның күйреуін демократиялық өзгерістерге кең өріс ашар зор құбылыс ретінде қабылдайды. Сөйтіп жаңа өмірдің саяси қозғалыстарына белсене араласа бастайды. Өз елінде үлкен бедел иесі саналатын ол халық арасында Ақпан төңкерісінің мақсат-мұраттарын түсіндіріп, оның азаматтық идеяларын уағыздайды.*
- *1917 жылы сәуірде Бөкей Ордасындағы елді мекендерде тұратын қазақтардың арнайы съезі болды. Съезге қазақ даласына есімдері белгілі Ғ. Мұсағалиев, И.Меңдіханов, С.Меңдешев, Б.Ниязов, М.Шомбалов, Ш.Бекмұхамбетов сияқты зиялылар қатысқан. Бұл съезд негізінде Ішкі Ордадағы басқару жүйесін жетілдіруге арналған еді. Съезд өз мәжілісінде басқару ісін жүргізудің орталық комитетін сайлады. Сонымен қатар съезд Бақтыгерей Құлмановқа «Қазақ халқының Астрахань өлкесіндегі комиссары» ретінде билік жүргізуге құқық берді. Халық алдында беделі бар Б. Құлманов ел басқару ісіне белсене кірісіп, егемендікке жетудің ірге тасын қалауға араласты. Б.Құлманов ұлтжанды қазақ зиялыларымен бірге*




- Б.Құлманов 1917 жылы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезіне арнайы шақырумен қатысып, съезд төрағасы болып сайланды. Съезд Алаш Орда үкіметінің билік жүргізуші органы - Халық Кеңесінің төрағасын сайлау мәселесін алға қойған кезде Б. Құлмановтың есімі Ә.Бөкейханов және А. Тұрлыбаевтармен бірге демократиялық негізде дауысқа түсті. Төрағалыққа өтпегенмен де, Б. Құлманов жаңа құрылған Алашорда үкіметінің құрамына мүше болып сайланды. Халық мүддесін жоғары қойған ол Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов сынды ұлт зиялыларымен тізе қосып, халық мұраты жолында Алаш партиясының құрамына қосылды. Алаш қайраткерлері жалпы адамзаттық гуманизм қағидаларын да ұмытпай, бүкіл қазақ халқының мұң-мүддесіне қызмет етті және бүкіл ғұмырын осы мақсатқа жетуге арнады.

- 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен Жалпы қазақтық съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа Бөкейліктен Б.Құлманов, У.Танашев, Б.Ниязов ұсынылады. «Қазақ» газеті Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылған адамдарды сипаттай келе Бақыткерей туралы: «... Университет бітірген кісі. Былтыр 25 июнь жарлығы шыққаннан кейін „Арыз айтасыз, Мәулет сөйлейсіз“ деп Астрахань губернаторы Бақыткерейді жер аударып еді. Бақыткерей Самар губерниясынан еліне бостандық туғаннан кейін гана қайтты», деп оның күрескерлік қимылын атап өтеді.
- Ал 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен Жалпықазақтық съезге ол арнайы шақырылып, съез президумының төрағасы болады. Съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланады.
- Алашорда үкіметінің төрағасының орнына Ә.Бөкейханов, А.Тұрлыбаев пен бірге Б.Құлмановтың да түсуі де көп жайтты аңғартады. Осы съезден кейін ол еліне қайтып, артынан сүзек ауруынан 1919 жылы Жаңақалада қайтыс болады. Кейбір энциклопедияда жазылып жүргендей, ол шетел асып кеткен жоқ.



- *Бақтыгерей Құлманов ауыр науқасқа шалдығып, 60 жасында қайтыс болған. Бақтыгерей Құлманов қазақ еліне сіңген еңбегі көп.*

A decorative golden scrollwork border frames the top and right sides of the image. The background is a soft-focus photograph of a bright sun in a blue sky with wispy white clouds. The sun is positioned in the lower-left quadrant, creating a lens flare effect.

*Назар салып
тыңдағандарыңызға көп-көп
рахмет!!!*